

## Тағылымы мол тұлға – Заядан Болатхан Қазыханұлының 60 жас мерейтойына арналған құттықтау



Тағылымы мол тұлға – Заядан Болатхан Қазыханұлының 60 жас мерейтойына арналған құттықтау

### Құрметті Болатхан Қазыханұлы!

Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызben шын жүректен құттықтаймыз! Осы таңда адам өмір жолының асқар биігі – алпыстың шыңына шығып отырған сізді, ғұмырын Қазақстан болашағына арнаган зиялғы азамат ретінде таниды.

Бұл жылдар сіздің қоғамдық және жемісті еңбегініздің нағыз кемеліне келген кезең болды. Туған елге деген сүйіспеншілік арқылы парасатты да рухы биік ізбасарларыңызыңда тәрбиелу жолында дарынды үйимдастыруышы қырынан көрініп келесіз.

Өмір жолында еңбексүйігшіт, қоғамдық белсенділікпен ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерге ие ірі тұлға ретінде Қазақ халқының игілігіне бөленип, қызметтің ең қызықты да қыны салаларын атқарып отырған абырой-беделіңізді атап өтпей кетуге болmas.

**Биология ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Биология және биотехнология факультетінің деканы**

**Заядан Болатхан Қазыханұлының**

**ЕҢБЕКТЕРІ МЕН МАРАПАТТАРЫ**

Қазақтың қаймағы бұзылмаған киелі ортасында талабын ұштап, табиғаттың құшағында ер жеткен балағалының өмір ернектері алғаш 1989 жылы өзгеріп сала берді. Дәл осы шақта оның өмірі мен ғылыми қызметтіңін жаңа кезеңі басталды, оның ғылыми қызығушылықтарының нысаны анықталып, оның төуелсіз ғалым ретінде қалыптасуына ықпал етті. Содан да болар, болашағына көз салып, үмітін үкілеген үстаздарының сенімін ақтап, Болатхан Қазыханұлығындағы деген мақсатты саларын Мәскеуде, КСРО Ғылым Академиясының К.А. Тимирязев атындағы «Әсімдіктер физиологиясы институтынан» бастайды, онда 1989 жылдан 1990 жылға дейін альгологтар мен биотехнологтардың танымал мамандары б.ғ.д., профессор В.Е. Семененко, Л.Н. Цоглин және М.Г. Владимированың жетекшілігімен зерттеуші-тәжірибе жинақтаушы болып қызмет істеді. Елден жырақта ілім жинап, ұлттық биология ғылымының дамуына қайтсем де үлесімді қосамын деген тегеуірінді мақсат жас аспирантты одан әрмен қанаттандырып, ол ғылыми әлеуеті жогары ортада шынықты. Үстаздарының қолдауы мен шалапағын сезініп, ғылыми жаңалықтардың басында жүрді. Ленинград мемлекеттік университетінің биотехнологиялық орталығында 2 жылдық тәғылымдамадан етілп, профессор, КСРО ҒА академигі С.Г. Инге-Вечтомов, б.ғ.д., профессор К.В. Квітко, б.ғ.д., профессор Б. В. Громов, б.ғ.к., профессор А.С. Чунаев сияқты танымал ресейлік ғалымдармен бір ортада зерттеу жұмыстарын жүргізді. Тың бағыттардағы талапты ізденістер, іргелі ғылымының ішкі қырыстыстарына тереңнен үчілу, жасампаздықта, жаңалыққа құмар көніл аңсары өзінің нәтижесін көрсетіп, өзінің жасынан жогары жетістіктеге бастады. Жас болса да, жаңа тақырыптарға тереңнен бойлаған талапты ғалым еңбегінің көрсеткіші сол кездегі ірі женіс – «КСРО-ның микробалдырлар дақылдары коллекцияларының каталогы» жинағына енгізілген хлорелла мутантты штамдарын сипаттау және сертификаттау санатымен көрініс тапты. Ғылымдағы сирек көзdesetin құбылыстарды жас ғалым Заядан Б. Қ. тап басып, сол көздердегі биология саласындағы бұлыңғыр бағыттарға сөүле сыйлады. Байыпты зерттеуде сеніді заттардың өндірушісінің айқын танытқан ретінде биотехнология саласы ғалым өмір өткелдеріне наза

сенді заттардың өндірушісінің айқын танытқан ретінде биотехнология саласы ғалым өмір өткелдеріне наза

Тарихи отан, қастерлі атажүртқа жетелеген арман-мұрат <http://www.caravan.kz>; құзатымен Болатхан Қазыханұлы 1991 жылы Қазақ елінің қасиетті топырағына аяқ басты. Оның елімді көркейтүге қайтсем де ат салысамын деген ізгі мұрас тұтас: «... гоңыраудыңда айрықша көктеп, ел мен жердін даму жолына жұмысалды. Алатau етепінде орналасқан арман қала Алматыдағы қызмет ғылым саласымен өрбіп, Болатхан Қазыханұлы Қазақстан Ұлттық Жаратылыстары академиясының академигі, қазіргі үақытта РМК «Микробиология және вирусология институты» бас директоры А.К. Садановтың шапагатына бөлөнді. Олардың бірлескен ғылыми жұмыстарының нәтижесінде Б.К.Заяданнның жетекшілігімен микробалдырлардың экологиясы бойынша алғашкы кандидаттық диссертация коргалды. Шәкіртін баулыған мереілі ұстаз мәртебесі, ғылыми ортаның ерекше қолдауы Болатхан Қазыханұлының тағдыры торабын Қазақстан Ұлттық Жаратылыстары ғылымдары академиясының академигі А.А. Жұбанованың жетелеуімен Қазақ Ұлттық университетінде түйістірді. Қазақ ұлттық университетіндегі биологиялық зертханалар, мол кітап қоры ғалымның ғылыми тегеуінін жетілдіріп, оның «биоәлеміндегі» алтың қазықа айналды. Зерттеу нысанасына дәп тиетін ғылыми көзқарасының арқасында ұстаздық баспалдаққа аяқ басып, сол кездердегі Қазақстан микробиологиясындағы тың қатпарлардың бірі фототрофты микроорганизмдердің биотехнологиясын дамытуға күш жігерін салды. Осылайша, Қазақстанда алғаш рет әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің сол кездеңігі микробиология кафедрасында, Б.К. Заядан фотобиотехнология зертханасын құрды, оның базасында қазіргі үақытта микробалдырлар мен цианобактериялардың молекулярлық-генетикалық таксономиясы, микробалдырлар биологиясы мен экологиясы, фототрофты микроорганизмдердің физиологиясы, биохимиясы және биотехнологиясы бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер табысты жүргізіліп келеді.

Жоғарыда аталған ғылым жолындағы соқпақтар мен жарқын жетістіктер, оку-білім санатындағы маңызды тарихи даталар – Болатхан Қазыханұлына тиесілі өнегелі өмірдің бір парасығана. Әрқашан берекелі істерге бастамашы ғылым «Фототрофты микроорганизмдер, оларды биотехнология мен биоэнергетикада қолдану» бағыты бойынша Қазақстанда тұнғыш ғылыми мектеп құрды. Жасампаз мектептің іргесінде қазір әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Биология және биотехнология мәселеілері ғылыми зерттеу институтының биотехнология зертханасы жұмысы істейді. Осы зертхана базасында ғалым микробалдырлар мен цианобактериялардың биологиясы мен биотехнологиясына арналған КР БФМ және ҰҒА қаржыландыратын 18 ғылыми-зерттеу жобасына басшылық жасады. Командалық ғұмыстарды тиімді ұйымдастыра білген зерттеуші мектептегі ғылыми бағыттарды биотехнологиялық маңызды факторларға орайластыра қура білді. Атальыш санаттардың ішінде: фототрофты микроорганизмдердің перспективті дақылдарын іздеумен және зерттеумен, атап айтқанда медицинада биологиялық белсенділік заттар (ББ3) және ауыл шаруашылығы үшін биологиялық белсенділік қоспалар (ББҚ) алу, биоотын және биотыңайтыштар алу, ластанған қоршаган орта объектілеріне биомониторинг және биоремедиация жүргізуден тұратын бірнеше бағыттар бар.

Ғылым жолы – аса құрделі бағыт. Оның құдіреті сонда, атаулы жолдың кезекті нұктелерінен өтуде, белестерін еңсеруде төзімсіздік танытқандар болса, бірден жолда қалдырады. Ұшан-теңіз біліммен қаруналып, шыдам мен шындалудың шеберлігін болмысина қашағандарға шынайы ғылымның мінберіне шықпақ. Баршамызың ұстаздымыз, биология ғылымдарының докторы, профессор Б.К. Заяданнның еңбегі де әріптестері, ұжымы, ұлттының таралынан еш елеусіз қалмады. Оның ішінде ғылым докторлығынан бастап, халықаралық мәраппattar тізбегі өнімді еңбегінің жарқын нәтижесін айғақтап, ғылыми-көпшілік қауымды, ізбасарларды жігерлендіреді. Мәселен, 2018 жылы КР Білім және Ғылым министрлігі мәраппатаған «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сінірген еңбегі үшін» тәсбелгісі қөнілімізге ерекше қуаныш сыйлап, ғылым жолындағы жарқын жетістікітің эталоны ретінде ойынызға орнытты. Оқытушылық, ұстаздық қызметте биік белестердің еңсеріп, ғылыми-педагогикалық нәтижелерімен өнегін салды. Қазіргі үақытта ол алыс және жақын шетелдерде және Қазақстанда 20-ға жуық патенттер мен 400-ге жуық публикациялар, оның ішінде 15 кітап пен 5 монографияның және International Journal of Hydrogen Energy, Journal of Biotechnology, Genome Announcements, FEMS Microbiology Letters, Photosynthesis Research, Russian journal of Plant physiology, Microbiology, Applied Microbiology and Biotechnology, Renewable and Sustainable Energy Reviews сияқты халықаралық, жогары рейтингті журналдарда жарияланған 80-нен астам мақалалардың авторы. Расында, Заяда Қазыханұлы біздің деректер көңілекшілік, ғылымда табысты ерен тұлға, ізденімпаз оқытушы, кәсіби ұстаз фана емес, елінің қоғамдық-саяси өркендеуіне өз үнін қосқан азамат. 2017 жылы Б.К. Заядан Астанада өткен «Болашақ энергиясы» тақырыбына арналған EXPO-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінде қатысып, онда энергия үнемдеудің үздік әлемдік технологиялары, қолданыстағы баламалы энергия көздерін пайдаланудың жаңа өзірлемелері мен технологияларын ұсынды. Шетелдік Adunic AG (Австрия) және EcologicStudio (Лондон) компанияларымен бірлесіп «ЕКСПО 2017 шенберінде фотобиореакторларда биодизель алу үшін микробалдырларды жаппай дақылдау және мониторингілеу» жобасын басқарды.

Б.К. Заядан жоғары білікті кадрларды даярлауға көп уақыт пен құш бөледі. Оның жетекшілігімен 6 кандидаттық және 9 PhD докторлық диссертациялар қорғалды. Оның шәкірттері республиканың және шетелдің жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерінде табысты еңбек өтеде.

*Қоғам иігілігіне бағыттап отырған ерен еңбектерініңдің өліміздің нығаюына өзіндік үлесі бар. Осынау иігілікті істе қанатының талмасын, қажыр-қайратының қашаңда арта бергей!*

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің биология және биотехнология факультетінің биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасының аға оқытушысы, б.ғ.к. Г.К. Атанбаева**

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің биология және биотехнология факультетінің биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасының оқытушысы, Исаев Назым.**